

Кеден органдарын автоматтандыру жобасына тендер өткізу жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның құрамын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің өкімі 1996 жылғы 7 қазан N 472-ө

"Қазақстан Республикасы кеден органдарының жұмысын жетілдіру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 12 қыркүйектегі N 1112 Р961112_ қаулысын орындау үшін:

1. Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру жобасына тендер өткізу жөніндегі Ведомствоаралық комиссияның құрамы қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Ведомствоаралық комиссия:

Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру жобасына тендер үйимдастыру туралы ережені әзірлең, бекітісін;

Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру жобасына тендерлік тапсырманы әзірлесін;

1996 жылғы 15 қазанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының кеден қызметін автоматтандыру жобасын таңдау жөнінде тендер өткізсін және тендердің нәтижесі туралы 1996 жылғы 18 қазанына дейін Қазақстан Республикасы Үкіметіне хабарласын;

3. Қазақстан Республикасының Кеден комитеті:

бір апта мерзімде Ведомствоаралық комиссияға Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру жобасына негізгі талаптар бойынша ақпарат берсін;

тендердің нәтижелері жарияланғаннан кейін бір апта мерзімде Қазақстан Республикасының кеден органдарының автоматтандырылған ақпараттық жүйесін құру тендерінің жеңімпазымен шарт жасасын.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі тендердің нәтижелері жарияланғаннан кейін бір ай мерзімде Қазақстан Республикасының кеден органдарын автоматтандыру жобасын қаржыландыру көздерін айқындасын және қамтамасыз етсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
1996 жылғы 7 қазандағы
N 472 өкіміне
Қосымша

Қазақстан Республикасының Кеден органдарын автоматтандыру жобасына тендер өткізу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның ҚҰРАМЫ

Шөкеев Ә.Е. - Қазақстан Республикасының Экономика министрі, төраға

Мыңбаев С.М. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің орынбасары,
төрағаның орынбасары
Комиссия мүшелері:

Айдарханов М.Б. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым
академиясы

информатика және басқару проблемалары институтының
директоры

Грязнов В.Г. - Қазақстан Республикасы Кеден комитеті автоматтандыру және
кеден статистика басқармасының бастығы

Майдыров С.Ғ. - Қазақстан Республикасы Үкіметінің Аппараты Экономикалық
саясат бөлімі менгерушісінің орынбасары

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрінің
орынбасары

Сиротюк В.О. - Қазақстан Республикасы Ғылым министрлігі - Ғылым академиясы
информатика және басқару проблемалары институтының
лаборатория менгерушісі

Төреқұлов А.Т. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі бас есептеу
орталығының директоры

Шигаев М.Н. - Қазақстан Республикасы Экономика министрлігі ақпараттық жүйені
дамыту және технологиялық даму экономикасы басқармасының
бастығы

Шнитковский А.А. - Қазақстан Республикасы Кеден комитеті төрағасының
орынбасары

Шоқаманов Ю.К. - Қазақстан Республикасы Статистика және талдау жөніндегі
мемлекеттік комитеті төрағасының орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК